




КАЗНУ ВОШЕЛ ТОП-220 ЛУЧШИХ УНИВЕРСИТЕТОВ МИРА



ҚазҰУ ұжымын үлкен жетістігімен құттықтаймыз!
QS халықаралық рейтингінде
ҚазҰУ әлемнің 800 үздік университеті
арасында 220-орынды иеленді



Впервые казахстанский университет – КазНУ им. аль-Фараби вошел топ-220 среди 800 лучших вузов мира, продвинувшись вперед еще на 16 позиций в международном рейтинге QS «World University Rankings». Только два университета на постсоветском пространстве вошли в эту группу - КазНУ и МГУ (РФ).

Президентом страны поставлена задача по вхождению вузов Казахстана в топ-200 лучших университетов мира. КазНУ как ведущий университет страны, признанный в мировом пространстве, целенаправленно работает над реализацией этой важной государственной задачи. За последние пять лет университет продвинулся в рейтинге «QS WUR» на более чем 400 позиций. В мировой практике ни один вуз не добивался такой динамики роста!

Как известно, QS является одним

из авторитетных и влиятельных, признаваемых всеми странами международным агентством, которое на протяжении многих лет проводит глобальный рейтинг лучших высших учебных заведений мира.


Важным фактором успешного продвижения КазНУ в данном рейтинге стала масштабная структурная модернизация, высокая эффективность управления, ориентированного на результат и интенсивное развитие уникальной инфраструктуры, которая за последние

пять лет выросла на 40%. Следуя курсу трансформации в исследовательский университет мирового класса, КазНУ работает над созданием медико-биологического и инновационного IT-кластера, ядром которого станет новейший суперкомпьютер.

Мировая узнаваемость университета связана также с активной деятельностью КазНУ как Глобального хаба программы ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию и его международными проектами. В их числе предложенная КазНУ модель вуза нового поколения «Университет 4.0.» на основе симбиоза инновационно-технологической и духовно-нравственной платформ.

Сегодня феноменальный опыт КазНУ изучается ведущими университетами мира, что является показателем высокой конкурентоспособности университета на мировом уровне. Учитывая возрастающую роль ведущего казахстанского вуза в глобальном научно-образовательном пространстве, исполнительный совет «QS Worldwide» принял решение провести всемирный форум и международную выставку вузов на базе КазНУ им. аль-Фараби в сентябре 2019 года. Проведение подобного масштаба мероприятия свидетельствует о растущем авторитете Казахстана и будет способствовать продвижению системы высшего образования страны в мире.

ПРЕСС-СЛУЖБА



218	Loughborough University	More	UK	5★ RATING
218	University of Wollongong	More	Australia	5★ RATING
220	Al-Farabi Kazakh National University	More	Kazakhstan	4★ RATING
221	Sciences Po	More	France	4★ RATING

ҚазҰУ-да «Тотал Энерджи» жазғы мектебінің жабылу салтанаты өтті. «Total» компаниясы жетекші халықаралық мұнай-газ компанияларының бірі және төмен көміртекті энергетика саласындағы басты көшбасшы саналады.

«Тотал Энерджи» жазғы мектебі

кабылдадық. Университет студенттері мен оқытушылары атынан жазғы мектеп барысында дәріс оқыған француз профессорларына ерекше алғысымды білдіремін. Осы бес күн ішінде шараға қатысушылар ғылымның түрлі салаларында өздерінің білімін едәуір кеңейткеніне сенімдімін. ҚазҰУ атынан Тоталь компаниясына өркендеу

мен толағай табыстар тілей отырып, болашақта одан әрі ынтымақтастығымыз жемісті болады деп сенемін», - деп атап өтті.

Тотал компаниясының Қазақстандағы басқарушы директоры Паскаль Бран: «Біздің компания әлемнің 130-дан астам елінде өз қызметін ЖАСАП ОТЫР, онда 98 мың қызметкер жұмыс істейді.

Қазақстанда «Total» компаниясы Қашаған жобасының 16,81% акционерлерінің бірі болып табылады. Қазақстандық жоғары оқу орындарымен білім беру жобаларында белсенді ынтымақтасып, студенттік және жастар бірлестіктерінің қызметіне қолдау көрсетеді», - деді директор.

Жалғасы 3-бетте



ОНЛАЙН ПРИЕМ ДОКУМЕНТОВ В КАЗНУ

КазНУ им. әл-Фараби активно внедряет цифровые технологии и расширяет сферу IT-услуг. Теперь на сайте университета kaznu.kz доступен новый сервис – онлайн прием и регистрация документов иностранных граждан для поступления в вуз, - сообщила пресс-служба проектного офиса «SANALY URPAQ».

Университет проводит системную работу по переводу всех бизнес-процессов в цифровой формат, что позитивно сказывается на повышении уровня доверия и качестве предоставляемых вузом услуг. В этом направлении работа ведется совместно с проектным офисом «SANALY URPAQ», который открыт на базе КазНУ Агентством по делам госслужбы и противодействия коррупции.

Благодаря онлайн системе значительно сокращается время подачи и приема документов, нет административных барьеров при их регистрации, отпадает необходимость приезжать, что ощутимо экономит финансовые средства. Еще одно большое преимущество системы онлайн приема документов - она позволяет иностранным абитуриентам обращаться в университет напрямую и вне зависимости от места их нахождения.

Весь процесс приема документов автоматизирован и осуществляется в специально разработанном приложении, которое доступно пока на трех языках – казахском, русском и английском, в планах расширение этого списка.

После подачи документов и успешной регистрации абитуриенты из стран ближнего и дальнего зарубежья получают подтверждение и могут быть зачислены в вуз дистанционно. Этой услугой уже воспользовались более ста иностранных граждан из Бразилии, США, Франции, Германии, Индонезии, Ю.Кореи, Турции, Индии и других стран. В этом году ожидается большой поток иностранцев, желающих получить качественное высшее образование в КазНУ. Этому способствуют высокие позиции казахстанского вуза в мировых рейтингах.

ПРЕСС-СЛУЖБА

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Алматыда «SANALY URPAQ» республикалық жобалық кеңесінің жетекшісі Қайыржан Тоқұшевтің қатысуымен Алматы қаласы бойынша мектеп және мектепке дейінгі мекемелердің басшыларымен кездесу өтті.



Шараның мақсаты «SANALY URPAQ» жобасына жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізумен қатар аталмыш тақырып бойынша мәселелер мен шешу жолдарын талқылау. Айта кету керек «SANALY URPAQ» жобалық кеңесі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанынан осы жылдың көктемінде Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен ашылған. Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктерін енгізу туралы үш жақты келісімге Агенттік төрағасы Алик Шпекбаев, Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов қол қойған болатын.

Кездесу барысында «SANALY URPAQ» жобасының бағыттарына тоқталған Қайыржан Тоқұшев Білім беру саласындағы академиялық әділетсіздік пен сыбайлас жемқорлық біздің бүгінгімізге ғана емес болашағымызға, яғни өскелең ұрпақтың санасы мен тәрбиесіне де кері әсер ететінін ерекше атап өтті. «Әрбір мектепте «SANALY URPAQ» жобасына жауапты жетекшілерді тағайындау керек. Және де әдістемелік кітапшаның үлгісін ұсынып отырмыз алдағы уақытта кітапшаға өздеріңізді толғандырған мәселелер мен шешу жолдарын ұсынсаңыздар болады. Және алдағы уақытта еліміздің барлық ЖОО-ларында «SANALY URPAQ» клубы ашылып тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасаймыз деген үміттеміз»,- деді жоба жетекшісі Қайыржан Тоқұшев.

Жалпы "SANALY URPAQ" жобасы бес бағыт бойынша жүзеге асырылады. Атап айтар болсақ, біріншіден, білім беру саласында жұмыс істейтін адамдардың барлық санаттарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыру. Бәріне үлгі бола алатын әдепті, сатылмайтын, зиялы, ақылды, өмірлік ұстанымы бар мұғалімдердің мәртебесін көтеру қажет.

Екіншіден, білім беру ұйымдарының ашықтығы мен айқындығын арттыру, Бүгінгі таңда пилоттық білім беру ұйымдары

анықталды. Олардың негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл механизмдері, шешімдер қабылдау процедуралары стандарттары мен ережелері және лицензиялау рәсімдерін енгізу әзірленіп, сынақтан өткізіледі.

Үшіншіден, білім ұйымдары академиялық адалдықтың элементі болатындай оқушылар мен студенттердің академиялық мәдениетін арттыруға мүддесін ынталандыратын жағдай құру. Нақтырақ айтқанда, академиялық адалдықты қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы механизмдерді енгізу бойынша ЖОО мен мектептердің тәуелсіз рейтингілерін құру ұсынылады. Бұл өз кезегінде білім беру мекемелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы үрдістерді, білім алушылар мен оқытушылық құрамның академиялық этиканы көтеру бойынша шараларды қалыптастыру мен институттандыруда ықпалды құрал болуға тиіс.

Төртінші бағыт қолданыстағы заңнамалар мен заң жобаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізеді. Жемқорлық тәуекелдерін бағалау, олардың таралу деңгейі нормативтік құқықтық актілердегі кемшіліктерді анықтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде құқық қорғау тәжірибесін жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеуге көмектеседі.

Бесінші бағыт – жобаны іске асырудағы ақпараттық қолдау. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жалпы кедергі жасауда қоғамды біріктіруге қолданыстағы ақпараттық өрісін дамыту. БАҚ пен әлеуметтік желідегі ақпараттармен бөлісу белсенділігін арттыру. Мақсат жобаны жүзеге асыру мерзімінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатты қолдайтын және сыбайлас жемқорлыққа жол бермейтін адамдардың үлесі артады.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

■ QYSQA-NUSQA

QazU-da memleket jáne quqyq teoriyası jáne tarihy, konstıtısiyalıq jáne ákimshilik quqygy kafedrasynyń bastamasy men «Azamattyq baqylaý» áleymettik jobasy jáne «SANALY URPAQ» jobalyq keńsesi birige otyryp «Bilim berý salasyndaǵy jemqorlyqqa qarsy is-qymyldyń quqyqyq jáne basqary mehanizimi» taqyrybynda onlain túrde aimaqyq ǵylymı-tájirbelik konferensia ótti.

Konferensiaǵa JOO men qoǵamdyq uym ókilderi qatysty. Shara barysynda qatysyshy uymdardyń ókilderi búginde jemqorlyq qaýpiniń artarlyqtai beleń alǵanyń aıtyp, onymen kúresydiń joldaryn ortaǵa saldy. Tikelei baılanysqa shyqqan qatysyshylyar bilim berý salasyndaǵy sybaılas jemqorlyqqa qarsy qyzmetiń sheteldik tájirbesi, sybaılas jemqorlyqqa qarsy turý salasyndaǵy azamattyq qoǵam instıtúttardyń jáne memleketterdiń qatynasy onyń quqyqyq aspektileri jáne jemqorlyq qaýpin anyqtaý júesi men saraptama jasaý tásilderin keńinen talqyǵa salyp, ózara pikir almasty.

Shymkent qalasynda Qazaqstan Respýblikasy Mádennet jáne sport Ministrligi sport jáne deneshynyqytrý komitetiniń uıymdastyryymen badmintonnan erler komandasy arasynda Qazaqstan Respýblikasynyń komandalıq kýbogy úshin jarys ótti.

Osy jarysta ál-Farabi atyndaǵy Qazaq ultyq ýniversiteti mehanika-matematika fakúltetiniń 4 kýrs stýdenti Dmitri Malıkovtyń komandasy III oryndy ielenip, diplom jáne baǵaly sylyqtarmen marapattaldy.

21 maýsım kúni memleket jáne quqyq teoriyası men tarihy, konstıtısiyalıq jáne ákimshilik quqygy kafedrası «Azamattyq baqylaý» qoǵamdyq qabyldaıymen birlese otyryp «Sybaılas jemqorlyqqa qarsy is-qymyl faktory retinde Qazaqstan Respýblikasynda bıdjettik uıymdar men ultyq kompanıalardyń kadrlyq saıasatyna meritokrata qaǵıdasyn engizydiń negizgi joldary túraly» taqyrybynda dóńgelek ústel ótedi.

Dóńgelek ústel barysynda Qazaqstan Respýblikasynda memlekettik organdarda, bıdjettik uıymdarda jáne ultyq kompanıalarda kadrlardy irikteý, ázirleý jáne alǵa jyljytrú júesin jetildirýde meritokrata qaǵıdasynyń róli jáne sybaılas jemqorlyqqa qarsy is-qymyl, QR kadrlyq saıasatty reformalaıdyń bir baǵyty retinde meritokrata qaǵıdasyn engizý máseleleri talqylanatyn bolady.

■ РЕКТОРАТ

Кезекті ректорат мәжілісі «QS WUR - 2019» рейтингісін талқылау тақырыбынан басталды.

Бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев: «ҚазҰУ әлемдік аренадағы үздік университеттер арасында 220 орынға табан тіреп, аталған рейтингте тағы да алға шықты. Бұл топқа посткеңестік кеңістіктен тек екі университет ҚазҰУ және М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (РФ) енді», - деп атап өтті.

QS — әлемдегі барша мемлекеттер таныған беделді және көптеген жылдар бойы әлемдегі үздік жоғары оқу орындарының жаһандық рейтингін жүргізетін өте ықпалды халықаралық агенттіктердің бірі болып табылады. Соңғы бес жылда біздің университет «QS WUR» рейтингінде 400-ден астам позицияға көтерілді. ҚазҰУ-дың осы рейтингіде

РЕКТОРАТ МӘЖІЛІСІ

табысты ілгерілеуіне маңызды факторы кең ауқымды құрылымдық модернизация, нәтижеге бағытталған басқарудың жоғары тиімділігі, сондай-ақ соңғы бес жыл ішінде 40 пайызға өскен бірегей инфрақұрылымның қарқынды дамуы сияқты маңызды факторлар тікелей септігін тигізді. Енді алдағы уақытта 2019 жылы ҚазҰУ-дың осы рейтингіде басқа бағыттар бойынша ілгері жылжу мүмкіндіктерін қарастыруымыз қажет», - деді проректор.

Жиын барысында қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Жарылқасын Жаппасов «Кәсіби бағдар беру және университеттің қабылдау комиссиясының жұмысы туралы баяндама жасады. Биылғы оқу жылына талапкерлерді

қабылдауда кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу, қабылдау комиссиясының техникалық хатшыларымен әдістемелік-ұйымдастыру жұмыстары, үлестірме, көрнекі материалдарды дайындау, конкурстар және ашық есік күндері бағыттары бойынша жүзеге асырылады. ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен күндерге сәйкес биыл талапкерлер құжаттарын қабылдауда өзгешеліктер бар», - деді хатшы. Сондай-ақ мәжіліс аясында «Қазпошта» акционерлік қоғамы мен ҚазҰУ арасында ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойылып, жиында өзге де түйткілді мәселелер кеңінен талқыға түсті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Жалғасы. Басы 1-бетте

«Тотал Энерджи» жазғы мектебі

ҚазҰУ-дың «Геоэнергетика» ғылыми зерттеу орталығының базасында ұйымдастырылған шара барысында компания өкілдері «Мұнай және газ», «Мұнай өңдеу саласы», «Геология және экология» пәндері, сондай-ақ осы салаға қатысты «Халықаралық қатынастар», «Халықаралық құқық», «Бизнес және менеджмент» пәндері бойынша білім алушы бакалавриат студенттері мен магистранттарды қабылдайтыны жайлы да айтып өтті.

ҚазҰУ жанындағы «Геоэнергетика» орталығы Қазақстан мен Франция Президенттерінің қолдауымен 2010 жылдың маусым айында құрылған.



Орталық екі достас елдердің университеттері арасындағы әріптестік пен қос дипломдық бағдарламаның көпірі болып саналады. Оның негізгі

мақсаты Францияның жоғары білім жүйесінің қатысуымен энергетикалық ресурстар және тұрақты даму саласындағы Қазақстанның ғылыми элитасын қалыптастыру. Ашылғалы бері орталықты 80 магистрант, 5 ғылым кандидаты тәмәмдап, 15 ғылыми мақала жариялады.

Жазғы мектеп аясында студенттер теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын жан-жақты жетілдіріп, Тотал компаниясы туралы толық мағлұмат алды. Дәрістер «Тоталь» мамандарымен кәсіптік тәжірибе негізінде және тәжірибедегі нақты мысалдарды зерделеу түрінде өтті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОНИТОРИНГ ЖҮЙЕСІ ӘЗІРЛЕНДІ

Алматылық жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі «SANALY URPAQ» жобалау офисі эксперименттік режимде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүйесін сынақтан өткізді. Ол республикадағы жетекші университеттің жалпы 16 мыңнан астам студенттері мен оқытушыларын қамтыды.

Мониторинг әдіснамасы «Оқытушы студенттердің көзімен», «Оқытушы әріптестердің көзімен», «Студенттердің қанағаттануын бағалау», «Университет түлектердің көзімен», «Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі» сияқты жаппай және іріктелген сұрақ-жауаптарға негізделген сауалнамалар сериясын қамтиды. Олар ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жай-күйін және тиімділігін бағалаудың бірінғай жүйесін құрайды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Сыбайлас жемқорлықтан тыс университет» атты жобасының аясында жеті жыл бойы қалыптастырылған практикалық әзірлемелері оған негіз болды. Аталмыш жобаны жүзеге асыру университеттің барлық салаларында жемқорлыққа қарсы технологиялар кешенін енгізуді және олардың тиімділігін үнемі бағалауды қамтамасыз етті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мониторингі жүйесі студенттер мен оқытушылар тұрғысынан сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі анықтауға мүмкіндік береді. Ол оқытушылардың корпоративтік мәдениет нормалары мен кәсіби құндылықтарды ұстануы, білім беру және оқу-тәрбие үдерісінің ашықтығы, оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігі және академиялық шынайылық, көрсетілетін қызмет сапасы деңгейімен қанағаттану дәрежесі және жоо ортасында жосықсыз практикалардың таралуы сияқты маңызды

параметрлер бойынша бағалауды қамтиды.

Ауқымды зерттеулердің қорытындысы бойынша факультеттер мен кафедралардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы рейтингісі жасалды, оның нәтижелері ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің отырысында кенінен талқыланды. «SANALY URPAQ» жобалау офисінің басшысы Қайыржан Тоқушев атап өткендей, мұндай әлеуметтік зерттеулер барлық жоғары оқу орындарында жүргізілуі тиіс, өйткені бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес бойынша нақты шараларды уақытылы қалыптастыруға көмектеседі. Жобалау офисі мониторинг жүйесі мен оны өткізу тәжірибесін Алматыдағы барлық ЖОО-ларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды зерттеу және пайдалану үшін ұсынатын болады.

«SANALY URPAQ» жобалық офисі ағымдағы жылдың көктемінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті негізінде Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен ашылған. Агенттіктің төрағасы Алик Шпекбаев, Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Ғалым Мұтанов білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктерін енгізу туралы үш жақты келісімге қол қойды.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделуі мен жетістікке жету жолын іске асыру үшін қандай шаралар атқарылуы тиіс екендігі белгілі. Сонда көрсетілген 10 міндеттің ішінде білім беру саласында еңбек етіп жүрген ұстаздар мен ғалымдарға қойылған басты міндет – жетіншісі.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ



Осыған орай, Елбасының төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіншіліктері жолдауы аясында жаратылыстану бағыттары бойынша білім беру бағдарламасын жаңғырту атты мәжілісі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік мәжілісі 2018 жылдың 6-7 маусым айында өткізілді. Оның ішінде «биология» мамандығы бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңесіне Л.Гумелов атындағы Еуразия ұлттық университеті, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті және Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің мамандары қатысып, өздерінің оқу орындарында атқарылып жатқан шараларын ортаға салып талқылады.

Мінбеге шығып сөйлеген спикерлердің жалпы пікірлері мен ойлары адам капиталын жаңғырудың негізі жайлы, яғни білім берудің жаңа сапасына өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету мәселесі арқауы болды. Жаратылыстану ғылымдарын оқытудың сапасын күшейту, үш тұғырлы тілді дамыту, әсіресе ағылшын тілінде дәріс беруді тілге тиек етті. Себебі соңғы жылдары мектеп қабырғасында және ЖОО-лардағы жастардың ағылшын тілінде оқимын деген ынталары артып келеді. Әрине, білім алудың басты көзі неде, қайда деген сұраққа жүгінетін болсақ, ол – кітап, оқулық, оқу құралдары.

Сондықтан солардың мазмұнының сапасын көтермейінше жастар білімін нығайту бос сөз. Осы мәселе бойынша республикалық оқу әдістемелігі кеңесінің мүшесі б.ғ.д. профессор, биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі С.Т. Төлеуханов қазіргі таңдағы баспадан жарыққа шығып жатқан оқулықтар мен оқу құралдарының сапасына аса мұқияттылықпен, жауапкершілікпен қарауды талқыға салды. Мінбеге шығып өздерінің ой-пікірін ортаға салған Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, биология ғылымдарының докторы, академик Р.И.Берсимбаев, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология және биотехнология факультетінің деканы б.ғ.д. профессор Б.З. Заядан, генетика және молекулалық биология кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.д. профессор З.К. Айташева жаратылыстану пәндерінің сапасын қалай жақсарту, дамыту үшін қандай шараларды іске асыру жайлы өзекті мәселелерге тоқталды.

Мәжіліс соңында оқу процесіне жаңа білім беру бағдарламасын енгізу, мұғалімдердің білімін кәсіби өндірістерде жоғарылату, сонымен қатар алдыңғы қатарлы ғылыми орталықтар мен білім беру орталықтарында әсіресе шетелдерде оқулықтарға рецензия беруді нақты жолға қою, т.б. ұсыныстарды талқылап, қорытындылап арнайы қарар қабылданды.

Н. ТОРМАНОВ,
биофизика және биомедицина кафедрасының профессоры



На базе научно-исследовательского центра «Гео-энергетика» прошла летняя школа «Тоталь Энерджи»

**ИННОВАЦИОННАЯ
ЛАБОРАТОРИЯ
«SAP NEXT-GEN LABS»**

На крупнейшей бизнес-выставке «SAP в Казахстане», которая прошла в Астане, состоялось подписание соглашения о вступлении в Университетский Альянс «SAP» Казахского национального университета им. аль-Фараби. На базе вуза будет развернута инновационная лаборатория «SAP Next-Gen Labs» для решения задач бизнеса и экономики страны, а также будет проводиться обучение преподавателей и студентов новым IT-Технологиям.



В академической программе «SAP» участвуют более 3,7 тысяч учебных заведений из 112 стран мира. Она знакомит студентов и преподавателей с программным обеспечением «SAP» и технологиями для цифровой трансформации экономики и бизнеса, включая решения для интернета вещей, больших данных, блокчейн, аналитики, робототехники, машинного обучения.

«Глава государства поставил перед нами задачу – адаптировать образование под потребности новой индустриализации и развить собственную экосистему разработчиков инновационных решений. На первом этапе учебные материалы, которые предоставляет «SAP», будут интегрированы в учебные программы. Это даст студентам конкурентное преимущество при устройстве на работу в компании, где необходимы сотрудники, уже обладающие навыками разработчиков и аналитиков со знанием решений «SAP». На втором этапе в новом учебном году будет создан хаб для реализации конкретных задач бизнеса, ядром которого станет лаборатория «SAP Next-Gen Labs», - отметил заведующий кафедрой «Искусственный интеллект и Big Data» КазНУ им. аль-Фараби Болатжан Кумалаков, руководитель программ по взаимодействию с «SAP».

Лаборатории инноваций «SAP Next-Gen Labs» в крупнейших вузах мира помогают студентам находить пути к решению конкретных бизнес-задач, поставленных партнерами и клиентами «SAP». Эти проектные структуры направлены на развитие у студентов предпринимательских и дизайнерских навыков, проектно-ориентированного мышления, эмоционального интеллекта за счёт разработки прототипов инновационных продуктов и решений, заказчиками которых являются крупнейшие компании, в том числе и из Казахстана.

«Ведущий казахстанский вуз - КазНУ им. аль-Фараби – является лидером Национального рейтинга страны и входит в топ-250 лучших вузов мира. Подготовка профессиональных кадров для растущей экономики Казахстана немыслима без новейших технологий в обучении и обеспечении практических знаний для студентов, и мы рады предоставить такую возможность нашему новому партнеру», - отметил управляющий директор «SAP Казахстан» Максим Ламсков.

В 2018 году впервые в Казахстане пройдет конкурс «SAP Кодер» по разработке бизнес-приложений. Принять в нем участие смогут стартап-проекты, компании, интересующиеся инновациями и цифровыми технологиями, что должно стать дополнительным драйвером для внедрения цифровых технологий в Казахстане.

ПРЕСС-СЛУЖБА

**ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ
БІЛІМ**

Алматыда «Әлеуметтану: жаңа ұрпаққа арналған жаңа оқулықтар» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараның қатысушылары – сарапшы-әлеуметтанушылар, Оңтүстік астанадағы әлеуметтік-гуманитарлық жоғары оқу орындары кафедраларының оқытушылары, зерттеу институттарының өкілдері - «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі жаңа 100 оқулық» жобасы аясында қазақ тілінде басып шығарылған әлеуметтану бойынша жаңа оқулықтарды білім беру үрдісіне интеграциялау мәселелерін талқылады. Іс-шараны Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ), U38 университеттер альянсы, Ұлттық аударма бюросы мен Қазақстан әлеуметтанушыларының Ассоциациясы ұйымдастырды.

Дөңгелек үстелдің жұмысы U38 Альянсының төрайымы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбаевааның кіріспе сөзінен басталды. Ол жаңа оқулықтарды білім беру үрдісіне ендіру жоғары оқу орындарынан оқу бағдарламаларының мазмұны мен пәндерді, соның ішінде әлеуметтануды, оқыту әдістемесін өзгертуді қамтитын жүйелік жұмысты талап ететінін атап өтті. Осы орайда, жаңа оқулықтарды барлық мамандықтар бойынша, барлық деңгейде білім беру бағдарламаларына енгізуге қатысты нақты ұсыныстарды даярлау маңызды болып табылады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтанулық білім берудің жетекші орталығы ретінде басқа университеттерге өзінің әзірлеген жұмыстарын ұсынуға және әдістемелік кеңес беруге дайын.

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ әлеуметтік-экономикалық зерттеулер орталығының жетекшісі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Ләззат Нұркатова атап өткендей, кітапханалық қорды жаңа әлеуметтанулық оқулықтармен толықтыру отандық әлеуметтанудың дамуын арттыра түседі. Профессордың пікірінше, кітаптардың ақпараттық мазмұны студенттер мен сарапшыларға қазіргі қоғамды талдаудың академиялық бағыттарын байытуға, яғни өзге әлеуметтік тұжырымдар тұрғысынан қарастыруға және Қазақстанда материалдық



және постматериалдық құндылықтар арасынан үйлесімділікті табуға кең мүмкіндіктер ашады.

«Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Рауан Кенжеханұлы «әрбір оқулықтың аудармасы мен басылымы көп мамандардың біріккен ортақ жұмысының нәтижесі екендігін және бұл жетістіктер жоба максаттарын жүзеге асырудың алғашқы қадамы болып табылатынын» ерекше жеткізді. «Әрбір кітап сұранысқа ие болуы қажет және өзінің оқырманын тапқаны абзал. Сол себепті қазіргі кезде 110 қазақстандық жоғары оқу орындарының кітапханалары аударылған 18 оқулықпен толықтырылды. Сонымен қатар, біз осы оқулықтарды академиялық қауымдастыққа цифрлық форматта ұсына аламыз. Арнайы бағдарлама құрылды және бүгіннен бастап барлық оқулықтар онлайн-оқу режимінде «Қазақстанның ашық университеті» порталында <https://open.kz> қолжетімді», - деп атап өтті Рауан Кенжеханұлы. Жаңа форматтың мүмкіндіктері онлайн режимінде дөңгелек үстел қатысушыларына көрсетілді. Р. Кенжеханұлы, сонымен бірге, оқулықтардың мазмұнымен таныстыруға бағытталған әрбір оқулық бойынша жеке қазақ және орыс тілдерінде онлайн-дәрістерді дайындау жұмыстары басталғанын айтты. Курс 25 дәрістен тұрады, олардың мәтіндерін студенттер сабаққа дайындалу не өзіндік білімін нығайту барысында тындап қана қоймай, конспект ретінде де оқи алады.

Ерекше қызығушылықты әлеуметтану бойынша екі оқулықты білім беру үрдісіне ендіру бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуметтану және әлеуметтік

жұмыс кафедрасының авторлық ұжымымен дайындалған әдістемелік нұсқаулық тудырды. Оны дөңгелек үстелдің жұмысы барысында аталған кафедраның меңгерушісі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Гүлмира Әбдірайымова көпшілік назарына ұсынды. Әдістемелік оқулықта функционалдылықтың деңгейі мен күрделілігі, құндылықтардың қалыптасу деңгейі, мамандану профилі секілді сипаттамалар ескерілген. Бұл әлеуметтану бойынша оқулықтарды әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану мен техникалық мамандықтар бойынша білім беру үрдісіне енгізудің барынша нақты ұсыныстарын дайындауға мүмкіндік берді. Оқулықтар бойынша нақты тақырыптар, тапсырмалар, сілтемелер жазылған, әлеуметтанулық білімнің деңгейі бойынша, яғни дамыған, орта және бастапқы деңгейлер бойынша күтілетін құзыреттіліктер сипатталған.

Алматы энергетика және байланыс университетінің проректоры Зарема Абдуллина жоғары білім берудің міндетті компонентінен әлеуметтік пәндердің ығыстырылуына байланысты қысқартылған әлеуметтік-гуманитарлық кафедраларды қайта қалыптастыру маңыздылығы туралы айтты. Пікір-талас қатысушылары да аударылған оқулықтардың орыс және ағылшын бөлімі студенттері үшін сәйкесінше тілдерде қолжетімділік мәселесін көтерді.

Конструктивті пікір-таластар нәтижесінде дөңгелек үстелдің қатысушылары жаңа оқулықтарды барлық отандық университеттерге ендірудің көпдеңгейлі механизмін құру қажеттілігі туралы ортақ шешімге келді. Бұл үрдіс жетекші жоғары оқу орындарында басталып қойған, алайда оның масштабын кеңейту қажет. Білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзгерту мен студентке бағытталған оқудың жаңа форматын қамтитын жүйелі бағыт әлеуметтанушы-мамандарды даярлау мен басқа мамандық студенттерін жалпы міндетті даярлау ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді. Сонымен қатар, халықаралық лексикамен жаңартылған қазақ тіліндегі ұғымдар жүйесін ескеретін жаңа сөздіктерді құру қажет. Осы аталған жұмысқа дөңгелек үстелдің қатысушылары өз үлестерін қосуға дайын екендігін білдірді.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



Как бы ни развивались новые медиа, газеты не только не исчезнут, но и вернут себе былое влияние, уверен журналист с 50-летним опытом работы Нурхаир Телеуов.

Нурхаир ТЕЛЕУОВ: НОВЫЕ МЕДИА НЕ СМОГУТ ВЫТЕСНИТЬ ПРИВЫЧНЫЕ ГАЗЕТЫ

- Вам уже 89 лет, а энергии и оптимизма у Вас столько, что самые молодые журналисты позавидуют. В чем секрет?

- Я всю жизнь занимаюсь физкультурой, бегаю трусцой, зимой — на коньках, много времени провожу на свежем воздухе.

- Вы до сих пор занимаетесь журналистикой, а начинали в 1947 году...

- В 1947 году я поступил на факультет журналистики Казгосуниверситета им. С.Кирова в Алматы (КазНУ им. аль-Фараби). Уже тогда на этот факультет был серьезный конкурс — на одно место претендовали 4 человека. Но еще в школе я был редактором стенгазеты, мне нравилось писать. Я был и учителем в сельской школе, и когда мне было всего 15 лет, указом президиума Верховного совета СССР я был награжден правительственной наградой — медалью «За самоотверженный труд в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг». Потом были и другие награды — я награжден четырьмя орденами Советского союза. Может, это и не скромно, но я должен сказать: нет в СССР, в Казахстане, журналистов, награжденных четырьмя орденами Советского союза. И нет редактора, который проработал в одном месте 27 лет.

Я прошел все стадии журналистской деятельности: начал с корреспондента, был заведующим отделом, инструктором по печати партийного комитета, на телевидении тоже работал. В Актюбинске мы основали организацию областного телерадиокомитета, я полтора года работал заместителем председателя облтелерадиокомитета по телевидению, потом меня обком выдвинул редактором областной газеты, и я 27 лет там проработал.

Когда я начинал работать журналистом, как таковой журналистской организации еще не было. Мы потратили много сил для ее создания. Я был членом союзов журналистов СССР и Казахстана практически с первых дней их

создания, был делегатом всех съездов союзов журналистов СССР и Казахстана, входил в состав правления Союза журналистов СССР и был членом правления Союза журналистов Казахстана. Я заслуженный работник культуры Казахской ССР.

Я вышел на пенсию четверть века назад, но до сих пор не оторван от областной журналистской организации — меня избрали ее почетным председателем. Я — член Союза журналистов Казахстана, лауреат премии Союза журналистов Казахстана. Теперь я стал почетным журналистом Казахстана.

- Наша журналистика развивалась на Ваших глазах. Какой она была 50-70 лет тому назад?

- В то время газеты были очень острыми. Мы постоянно публиковали критические статьи, а в то время отвечать на критические выступления было обязательно. Иногда бывали и казенные ответы, но все-таки на критику в то время исключительно реагировали, это даже было на контроле партии, органа вроде нынешнего акимата. После публикаций в нашей газете на бюро обкома партии дважды рассматривали вопрос создания условий для чабанов отгонного животноводства.

В то время газеты интересные были и в воспитательном плане, и в плане поднятия острых серьезных проблем. У нас была специальная полоса, посвященная письмам трудящихся. Было много внештатных корреспондентов, на каждые два района — один рабоче-крестьянский корреспондент. Раз в месяц мы посвящали полосу проблемам какого-либо района.

- Нынешние газеты хуже?

- Сейчас наше государство еще молодое, ему еще 30 лет нет, и газеты тоже молодые. Единицы пишут остро, компетентно, с анализом, так, что не всем нравится. А другие острые вопросы не поднимают. Может, установка от



редакторов такая, а может, внутренний запрет самого журналиста — как бы чего не вышло, внутренний цензор тоже существует.

- Может, журналисты раньше лучше были? Как их учили?

- Когда я сам еще был студентом, нам преподаватель показывал зарубежные газеты и журналы — американские, английские, французские. На примере этих газет он нас учил. До сих пор в памяти сохранился уровень этих газет. После того как я с красным дипломом окончил университет, в 1958 году по решению секретариата ЦК КПСС я был зачислен слушателем Высшей партийной школы в Москве. Производственную практику я проходил в газете «Труд».

Когда я уже возглавил областную журналистскую организацию, я сам два раза

возил редакторов областных газет, радио и телевидения в Москву, в Ленинград. Там мы встречались с главными редакторами и коллективами газеты «Правда», «Известия», «Советская Россия».

Мы встречались и с Чингизом Айтматовым еще в бытность его корреспондентом газеты «Правда» по Кыргызстану в 1960-х. Мне тогда позвонили из Москвы и сказали, что направляют нас, группу журналистов, во Фрунзе (ныне Бишкек) на встречу с Айтматовым. Он рассказывал о том, как надо писать, как выбирать темы, особое внимание обратил на критические статьи.

А сейчас в любом институте, университете готовят журналистов. Но какой это журналист? И вот такое идет пополнение кадров.

- Что интереснее — быть журналистом или редактором?

- Знаете, в творческом плане работать лучше журналистом, сотрудником газеты, потому что развязаны руки. А редакторская должность — очень трудная, руководитель газеты должен быть, прежде всего, воспитателем, знать каждого человека как облупленного, найти с каждым общий язык.

Когда я работал редактором, многие мои сотрудники стали поэтами, писателями, учеными. Например, поэт Есенбай Дюсенбаев работал в нашей газете заведующим отделом. Мухамбеткали Кажгали стал лауреатом премии Казахской ССР за роман о деятельности Срыма Датова. Сериккали Байменшин, который был у нас заместителем редактора, сейчас занимает в Москве должность международного уровня.

Мадина АЛИМХАНОВА,
корреспондент КазТАГ,
выпускница факультета журналистики
КазНУ им. аль-Фараби 2000 года

Қасиетті қара шаңырақ — әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақтың талай майталман мамандарын, білікті ұстаздарын даярлап шыққанын білеміз. ҚазҰУ-дың түлектері қай жерде, қай салада жүрсе де биік деңгейлі талғамдарымен, терең білім, рухани байлықтарымен ерекшеленіп тұрады.

Әңгіменің арқауы болып отырған аяулы жан Бегалиева Айша Кәріпжанқызы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті тарих факультетінің 1985 жылғы түлегі. ҚР ПҒА-ның мүшесі, тарихшы, ғалым ұстаз Айша Бегалиева университет қабырғасында жүріп-ақ біліммен қатар қоғамдық жұмыстарда (комсомол комитеті, кәсіподақ ұйымдары, көркемөнерпаздар үйірмесі, спорттық жарыстар, т.б.) табандылығы, тиянақтылығы және өз ісіне деген адалдығымен көзге түскен.

Университеттегі аяқтай салып, өзі білім алған факультетте жұмыс істеуді бастаған Айша Кәріпжанқызы, осы уақытқа дейін Қазақстанның жоғары оқу орындарында, атап айтқанда: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін аспирантурасында (1993-1997), Абылай хан

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ТҮЛҒАСЫ



атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінде (1993-2007), Қазақ Еңбек және Әлеуметтік қатынастар академиясында (2007-2008) тарих пәнінен дәрістер жүргізді.

2009 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы болып қызмет

істеп келеді. Осы жылдары Отанын ансап келген бауырларымыздың талай талапкер ұлқыздары Айша Кәріпжанқызының білімімен сусындап, атамекендерінде өз орындарын тауып, білім жолын жалғастыруға шабыт алды. Елбасының саясатын қолдау мақсатында «Үміт» балалар үйіндегі, «Ардагерлер» үйіндегі көптеген қайырымдылық іс-шараның басқасынан табылып, «Нұр-Отан» партиясының белді мүшесі ретінде қызметін адал атқарып жүр. Университетте еңбек еткен уақыт аралығында өзекті мәселелер қозғалған дөңгелек үстелдерге, түрлі тақырыптағы конференцияларға қатысып, ұйымдастырушылар қатарынан табылады. Айша Кәріпжанқызы бойына жиған бар білімін ұрпақ игілігіне қалдыру мақсатында Қазақстан тарихынан оқу бағдарламаларын, тест нұсқаларын дайындады.

100-ден асқан ғылыми, әдістемелік еңбектерінің қатарын жылда толықтырып, жаңартып отыруды өзінің борышы санайтын Айша Кәріпжанқызы өзі қызмет еткен барлық ұжымда жастарға үлгі-өнеге болып жүретін жан. Кәсіби ұстаз ретіндегі 41 жылдық еңбек өтілінде өз ісінің нағыз шебері екенін дәлелдеген, әр ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, ұрпаққа үлгі ұлағатты ұстаз.

Өзіне артылған жауапкершілікті терең сезініп, қолға алған ісін жылдам әрі сапалы орындауды дағдыға айналдырған Айша Кәріпжанқызының еңбектері әрқашан бағаланып отыратындығын да айта кету керек. Айша Кәріпжанқызына берілген «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелік медалі, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Алғыс хаты», Білім беру саласына қосқан үлесі үшін берілетін «Еселіңбегі үшін» мерекелік төсбелгісі, Халықаралық Қазақ Творчестволық бірлестігінің Ы. Алтынсарин атындағы медалі, сондай ақ, жақында ғана ие болған Қазақстан Педагогикалық Ғылым академиясының «Үздік ұстаз» республикалық VI байқауының жеңімпазы атағы және «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» марапаттары соның дәлелі.

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұжымы атынан Айша Кәріпжанқызын толып отырған 60 жасымен құттықтап, білім беру жолындағы еңбегіне толағай табыс тілейміз.

С.С. ЫБЫРАЙЫМОВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық
кафедрасының оқытушысы

Стажировка в университете Ёнсе

Кафедрой биомедстатистики и доказательной медицины медицинского факультета – ВШОЗ Казахского национального университета имени аль-Фараби с 24 марта по 2 апреля 2018 года была организована научно-исследовательская стажировка для магистратов специальности «Общественное здравоохранение» при поддержке Международного медицинского Фонда «Severance-KZ». Научно-исследовательская стажировка «Больничный менеджмент» прошла в Университете Ёнсе (г. Сеул, Южная Корея).

Фондом был организован 10-дневный курс, состоявший из теоретических и практических занятий, которые проходили на базе клиники «Северанс». В ходе стажировки магистранты были ознакомлены с системой здравоохранения в Корею, ее особенностями, современными пациент-ориентированными, стационар-замещающими технологиями в клиниках Кореи, особое внимание было уделено современным аспектам больничного менеджмента. Клиника «Северанс» располагает квалифицированным персоналом для проведения семинарских занятий, чтения лекций и проведения консультаций для разработки практических рекомендаций для выполнения научной работы магистрантов.

За время стажировки студенты показали свою готовность к завершению научной работы, получили необходимый объем теоретических и практических знаний для дальнейшего использования их в своей профессиональной деятельности.

Кафедра биомедстатистики и доказательной медицины выражает огромную благодарность за помощь в организации научно-исследовательской стажировки Международному медицинскому Фонду «Severance-KZ» в лице президента Ан Ларисы Вениаминовны.

Кафедра биомедстатистики и доказательной медицины

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенттері мамыр айының соңынан маусым айының ортасына дейінгі аралықта Алматы қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлының мұражай үйінде өндірістік тәжірибеден өтуге университет пен музей тарапынан жасалған келісім бойынша өкім алдық. Өндірістік тәжірибе аптаның дүйсенбі мен жұма аралығында жүргізілетіндігі хабарланғаннан кейін топ студенттері тағылым мектебіне келдік. Бізге мұражайдың басшысы әрі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология және әлем тілдері факультеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті Райхан Сахыбекқызы Имаханбет тәжірибе туралы тәртіп-ережелермен таныстыра отырып, әрқайсымыздың жұмысқа бейімділігімізге қарай тапсырмалар берді.

Менің еншіме мамыр айының 30-ы күні Ғылым ордасының Орталық ғылыми кітапханасында «Қазақ» газетінің 105 жылдығына орай өтетін «Қазақ» газеті ұлттық рух үні» атты дөңгелек үстелге қатысып, шара жөнінде танымдық мақала жазу бұйырды. Енді сол тағылым зор шара туралы баяндамақпын. Алқалы жиын қоғам қайраткерлері мен белгілі ғалымдардың басын қосты. Алқа-қотан жиналыстың негізгі өзегі – «Қазақ» газетінің 1915 жылғы нөмірлерінің жинақ болып басылған кітабының тұсаукесері. Жиналыстың беташарында жоба жетекшісі Смағұлова Света Одапқызы сөз сөйлеп, жинақтың жарыққа шығуына үлес қосқандарға алғысын білдірді. Света Одапқызы жинақтың келесі 1916 және 1917 жылғы сандарын да шығаруға үлкен қолдау қажеттігін, әлі де алда талай жұмыстар жасау керектігін айтты.

Сонымен қатар, бұл алқалы жиында ҚР ҰҒА академигі, белгілі тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдиев, «Ақжол» демократиялық партиясының мүшесі, «Жас қазақ үні» газетінің бас директоры Қазыбек Иса, «Арыс» қорының президенті Ғарифолла Әнестер баяндама жасады және өз ұсыныс-тілектерін де білдірді. Баяндамашылар жинақ

«Қазақ газеті» туралы



құрастырушылары С.Смағұлова және Г.Абикова ханымдарға үлкен алғыстарын айтты. Шара соңында С.Смағұлова кітапхана қызметкерлерінің алдында келесі жинақтарды шығарудың келелі міндеті тұрғандығын тағы баса айтты.

Енді жинақ туралы танымдық мағлұматты таратсақ, кітап ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2015-2017 ж.ж. арналған гранттық қаржыландыру жобасы негізінде дайындалған. «Елтаным» баспасынан жарыққа шыққан, көлемі 528 беттен тұрады. Бұл жинаққа газеттің 1915 жылғы жарық көрген 93-163 саны түгелдей араб графикасынан (кәрпінен) қазіргі жазу үлгісіне қопарылып-көшірілген. 2009 жылы «Қазақ» газетінің 1913-1914 жылғы «Арыс» баспасынан шығарылған нұсқаларымен салыстырғанда бұл жинақтың форматы едәуір көлемді.

«Қазақ газеті 1915 жыл» жинақ жұмысын құрастыруға Светлана Смағұлова, Абикова Гүлшат ханымдардың 3 жылдай уақыты кеткен. Иә, ең бастысы бұл күні біз сияқты жастарға жұмбақ болған Қазақ жазуының реформаторы Ахмет Байтұрсынұлының емлесін төте жазуды талмай қазіргі әріпке түсіру үлкен табанды әрі қажырлы еңбектің арқасы екені сөзсіз. XX ғасырдың басындағы ұлтымыздың баспасөз бен әдебиет, мәдениетінің қалыптасу тарихын зерттеуде «Қазақ» газетінің атқарар қызметі зор. Сол заманның жаршысы болған, халықтың көзін ашып, оқуға шақырған, айшылық алыс жердегі маңызды жаңалықтармен елді құлақтандырып отырған, қазақ баспасөзінің қарлығашы, өзінен кейінгі барлық баспасөз атаулысына үлгі болған «Қазақ» газеті бүгінгі ұрпаққа

да темірқазық іспетті. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған Алаш зиялыларының ерен еңбегі мен теңдессіз ерлігін, олардың артында қалған мұрасын насихаттау – бүгінгілердің перзенттік парызы.

Ендігі мәселе құнды дүниелердің жарыққа шығуына жағдай жасау, себебі «Қазақ» газеті сынды рухани қазыналарымыз шаң басқан мұрағаттарда жатпауы тиіс. Қазақ баспасөзінің жақұты – Ұлт үнжариясының 1916, 1917, 1918 жылғы сандарының түгелі кітап болып жинақталып, оқырманға тезірек ұсынылса, біздің тілек осы.

Үшінші курсты тәмамдар тұста өткен өндірістік тәжірибеміз біз үшін де үлкен мектеп болды. Бұл деректі тарихи құжаттар мен ғылыми зерттеу жинақтармен танысқанымызда келесі 2018-2019 оқу жылының 4 курсына оқытылатын «Алаш әдебиетіндегі азатшыл идея» таңдау пәніне қажетті үлкен қор жинадық. Тәжірибе барысында топтық жұмыстарды бірлесіп атқардық әрі әрқайсымызға берілген дербес тапсырмаларды орындау кезінде бір-бірімізбен пікір алмасып отырдық. Теориялық білімді өмірде қолдануды үйрендік. Білікті маман болып қалыптасу үшін педагогикалық тәжірибемен қатар, ғылыми өндірістік тәжірибенің де қажеттілігін ұғындық. Келешекте мектеп мұғалімі немесе колледж оқытушысы болып, оқушы баулу барысында бұл тәжірибенің үлкен көмегі болатынына сенеміз мол.

Жанна МӘЛІК,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
3 курс студенті

Мамандықтардың барлығы өте маңызды, бірі математикалық қабілеттілікті талап етсе, ал басқа бірі шығармашылық қабілеттілікті, ал үшінші бірі болса дене белсенділігінің қабілеттілігін талап етеді.

Бір мамандық иелері адамның өмірін сақтап қала алады, ал енді бірі өнер шығармашылығында жолын сарп етеді. Мамандықтың барлығы бірдей «жаман» немесе «жақсысы» жоқ. Тек өзіне мамандық ұнайтыны немесе ұнамайтынына қарамастан, мамандықты таңдау барысында өзінің біліміңмен, қабілеттілігің мен қызығушылықтарыңды бірінші орынға қоя білу қажет, міне сол кезде ғана сен мамандық таңдауда шалыс баспайтыныңды білесің. Адам өзінің ғұмырының жартысында өзінің өмірін жұмыс орны мен ұжымының арасында өткізетіндігі белгілі. Сондықтан да мамандықты таңдағанда адам өзінің өмір салтын ұзақ уақытқа белгілеп қояды және қоғамда өзінің орнын табуға көмек береді. Біздің елімізде сұранысқа ие болған мамандықтар көп-ақ, олардың барлығы бірдей дерлік адамды табысқа жеткізіп, елімізге пайдасын тигізетіндігі шүбәсіз. Осындай мамандықтың бірі дәрігерлік жол.

Дәрігер мамандығы барлық уақытта қажетті, игілікті және мәртебелі мамандық болып табылады. Қазіргі уақытқа дәрігер мамандығының биіктен көрінуі тән, себебі, қазіргі ғылыми технологиялық үдерістердің белең алып жатқан заманында

ҚазҰУ – сапалы білім беру кепілі!



қоғамдық денсаулықтың жаңа көріністерімен қоғамдық денсаулықтың басқармасына жаңа технологиялардың әсер етуінен бастап, жұқпалы аурулардың өршуі, оның денсаулыққа қауіп-қатері және тұрғындардың дұрыс тамақтану жағдайы мен өмір сүру ұзақтығы мәселесіне дейінгі сұрақтармен бетпе-бет келіп отыр. Сонымен бірге, қоғамдық денсаулық сақтау саласының білікті мамандарының да жетіспеуі бүгінгі таңда өзекті мәселердің біріне айналып отыр. Осы міндеттерді шешу үшін мекемелер мен қоғам қоғамдық денсаулық сақтау саласына өте жоғары деңгейде даярланған мамандарды шығара білуі керек.

Білікті мамандар денсаулық сақтау саласы аймағында тиімді шешімдерді даярлап оларды іс жүзінде жүзеге асыра білуі қажет.

ҚазҰУ көп деңгейлі білім беру жүйесіне кіреді: жоғары базалық білім беру (бакалавриат), жоғары арнайы білім беру, магистратура және докторантурасы бар. ҚазҰУ-ға оқуға қабылдау мемлекеттік білім беру гранты мен келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады. Университет білім беру, ғылыми, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндірістік үлкен қор болып табылады. Жоғары білікті маман даярлауға, әлемдік білім беру кеңістігінде біліктілігін жүзеге асыра алатын,

фундаменталды және қолданбалы зерттеулерді дамыта отырып, оны өндіріске іске қоса алатын мамандарды даярлайды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қоғамдық денсаулық сақтау мамандығына мамандарды даярлау оқу бағдарламаларының негізі Оңтүстік Корея университеті медициналық факультетінің оқу бағдарламасына негізделген. Оңтүстік Корея денсаулық сақтау саласында алдыңғы орында тұрған ұйымның бірі. Медициналық білім беру бағыты бойынша ҚазҰУ-дың ең басты серіктесі Оңтүстік Кореяда үздік университеттердің үштік құрамына кіретін және Азия мен әлем бойынша алдыңғы топтағы университеттер қатарынан болып саналатын Сеул университеті мен Йёнсе университеті болып табылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан бойынша барлық уақытта алдыңғы орындағы ең үздік университеттердің бірі болып қала береді. Егер еңбек нарығында сұранысы көп мамандық иесі атанғыңыз келсе, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға түсуге шақырамыз. Өйткені біздің университет әрбір үздік жоғары деңгейдегі білім алуға құлшыныс танытқан жас талапкердің арманы екеніне біздің сеніміміз мол!

А.А. БЕЛХОДЖАЕВ, м.ғ.к.,
М.Т. АДИЛОВА, аға оқытушы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Медициналық факультет,
Эпидемиология және гигиена кафедрасы

АНА

Анашым, анатайым, алыс қалған,
Өзіңізге жыр арнаймын алыстардан
Арман қуып, алыс кетіп, есейгелі
Балаңызға жайдар жүзің болды арман.

Анашым, анатайым, ана деген,
Кеудем менің сағыныш, мұңға толған.
Ұшқан ұя қадірін түсінгелі
Балаңыз бүгін қолға қалам алған.

Анашым, анатайым, ана шуақ,
Нұрлы сөзің бастауыма берер қуат.
Сауырында ана берген қанат тұрса,
Әлі талай, самғайды бала пырақ

Анашым, анатайым ана көркем,
Өзің барда гүл жайнайды көңіл көктем
Дауасы табылмаған дерттеріме,
Анашымның алақаны болады ем

Анашым, анатайым, ана дархан,
Қиналғанда пана болар сенің қалқан.
Мұнар басқан шыңырауға шықсам дағы
Сенің арқан, барлығы да, сенің арқан

Ана жыр, ана дастан, ана өлең
Ананың мейірімі көлден терең
"Жұмақ деген қайда өзі?" - деп сұраса,
Ананның құшағынан ізде дер ем ...



АРНАУ

Батыстың бұрыл желі күнде еседі,
Күнде еседі, ескені мұң деседі
Мұңлы жел тисе егер сауырына,
Еске түсер артта қалған күн кешегі.

Батыстың бұрыл желі күнде еседі,
Күнде еседі, ескені жыр деседі.
Жаяу жетпес, шалғайда туылса да,
Сол бір жыр, жүрегіммен үндес еді.

Батыстың бұрыл желі күнде еседі,
Ескені назға толы сыр деседі.
Өзгелерге суық болып сезілсе де,
Ал мен үшін, жылуында жоқ есебі.

Батыстың бұрыл желі күнде еседі,
Ол жел емес, көркем мінез қыз деседі.
Сол қыздың айдай сұлу бейнесімен,
Мендік жүрек талай кеште тілдеседі.

ОЙЛАР

Мінеки, тағы алдымда ақ парағым,
Білмеймін...
Мактанбысың, әлде бәлкім даттанарым
Не де болса санадағы сарнауымды,
Тек өзіне ғана мен ақтарамын.

Айтшы, айтшы маған...
Бұл ойлар мені ғана мазалай ма?
Әлде сен де жұрмісің сол орайда?
Текке өткізіп күнімді телмірумен,
Тағы батып барамын, тағы да ойға.

Сенбестер көп, ал енді сенер қайда?
Көнбестер бар, сірә, бұл көнер жай ма?
Тыныштық та, маза да жоқ, оны қойшы,
Шара қайда қолданар, шара қайда?

Елдіктің енесіне созып қолды,
Жетер, я жетпесім мұңға толды.
Жетер болсам, жолымды көрсетсеңші,
Бекер болса, осыменен доғар болды.

А. ИМАШЕВ,
*әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Химия және химиялық технология
факультетінің
3 курс студенті*

Құмырсқаға жем болған әулет



Сен түсінбейсің! Әке аманатының қандай болатынын да білмейсің! Әкеге деген махаббат адамға не істететінін де, кеудені қалай төсетіндігін де білмейсің! Саған әкең аманаттамаған. Сені әкең жаман жолға түссін деп пе? Әкең сенен ешқандай үміт күткен жоқ. Өтініш те жасамады. Құр ашуға бой алдырма. Өткінішті өкінішті ұмыт! Болашағыңды ойла!

Жоқ сен мені түсінбейсің! Менің оларда ақым қалды. Әкемнің құны қалды. Менің қандай сөзіме берік адам екендігімді білесің, кек аламын дедім бе, демек жуық арада. Сенің менің ісімде жұмысың болмасын. Біздің пәк махаббатымыз да бұл кектің жанында тұкке тұрғысыз. Түсінесің бе соны. Ендеше жолың ашық, басың бос. Енді мені жоқ деп есепте.

Сен... Сен... Сен... Алар кегінді ал. Көрермін әуселенді. Жеті жылдық махаббатымды таптағаның үшін қайтып келмесім рас. Сендей қанішердің жары болуға асығуым – өлімге бас ұруым екен де... Қош бол!

Орталық саябақтың қыбырлаған адамдарының арасынан бір қыз жүгіріп барады. Жанары жасқа малынып, жүрегі қан жылап кетіп жатыр. Ал жігіттен көңіл құлазуының көленкесі де білінбейді. Тек жейдесінің бірінші түймесін ағытты да, кең тыныс алып, терең күрсінді.

Үміттің отбасы орташа санатта еді. Жалғыз қарындасы, ата-анасымен бақытты күн кешіп жүрген шақтарында ойлап па өз халдері осы дәрежеге барарын. Көршілері, достары жүрген жерінде ауызтолтырып мақтап жүретін әулеттің түлен тұтқандай түтеп кетуіне не себеп?

Жаздың ең бір жаймашуақ күндерінің бірі. Сая құрбыларымен жастар кешіне барған. Ағасы Үмітті қояр да қоймай үйде қалдырған. «Кішкентай емеспін, есейдім. Гүлімнен ажырамай жүремін. Өз басыма өзім егелік қыла аламын ғой. Сен бармасаң да болады» - деп, ағасын үйде қалдырып, ата-анасын да көндіріп көшеге шыққан қыздың қуанышында шек жоқ еді. Кілең бозбала, бойжеткен жыйналған жыйында «ұрттап та» көрді. Өзі білмеген, байқамаған жағдайда. Ал содан кейін айқайға бассын кеп. Билейді, шынғырады, есі ауысқан аурудай айналады. Онысын ерсі көріп тұрған достары жоқ. Өз достарын өздері әрең көтеріп жүр. Сая есуас қалпында көшеге шығып кетеді. «Үйге барамын, анама барамын», - деп екі сөзді сандырақтап қайта-қайта қайталай берген қызды көлік соғып

кетеді. Айнала айра-жайра. Көзі қанға толған әке, жанары жасқа малынған ана, бойын ыза кернеген аға жандарын шүберекке түйіп оқиға болған орынға келді. Халық ығы-жығы, күбір де дабырлы орыннан полиция мен медбикелер қоршауында жатқан қызына жеткендері мұң екен. Сая «үйге барамын, анама барамын» деді де мәңгі ұйқыға кетті. Артын тінтіп, түрткілеп дабыра қылмаған ата-ана, бұл оқиғаны «жазым» деп жылы жауа салды.

Өміріндегі асылың жоғалтқан әкенің, көңілі жарым болып, зар илеп қалған ананың, жүрегінде жара пайда болған ағаның көңілдері кішкене алданайын деді. Саяны жер қойнына табыстағанына бір айдың жүзі болып қалды. Үміттің әкесі беделді, атақ үшін арын сататын байдың көлігін жүргізетін. Әке – ақкөңіл, әділдік жолында жанын қиятын, арлы адам болатын. Отбасының «өнегелі» деген атағы да тікелей әкесіне байланысты еді. Аруақ алдындағы міндеті саналатын қызының «қырқын» өткізуге басшысынан сұранған әкені, жағымпаздықтан құлдық ұратын бастығы жібермей қояды. Керісінше, бір жерге баруымыз керек деп шет жақтағы Кенестік кезде мата шығаратын цех болған жерге апаруын бұйырады. Бір қарағанда жүрегің сескенетін қараусыз қалған цехтың манайы коқыстан көрінбейді. Бір адам тұр. Өңі сұсты. Дәл жанына барып тоқтаған көліктен

басшысы маңғаздана түсіп, екеуі біраз сөйлеседі. Үміттің әкесінің жанары жабырқаулы. Әңгімелері бітсе, тез үйіне аттанбақшы. Бірақ мыналардың әңгімелері толастар емес. Бір кезде бастығы қалтасынан тапаншаны шығарып, жанындағы адамды жайратып сала берді. Қас-қағым сәтте не болғанын аңдамай қалған әке байғұс көліктен түсе бергені сол еді, жүрек тұсын түйір дене тесіп өтті. Ия, басшысы «әділдік аңсаған аңқау бар көргенін жайып салмасын» - деп өз қызметкерін жайрата салды. Оған не? Былығының артын ақшамен жабады, бір кедей дүниеден озса байлығы кемітіліп қалмайды ғой.

Шынында да цех маңынан өлігін тапқан әкені біреу «адам өліпті-ау» деп елемеді. Заң өкілдері жылы жауып қоя салды. Саяның «қырқы күні» дүние салған әкені елеген екі-ақ жан. Достары да, көршілері де, өлтіріп кеткеннің кім екенін көзімен көрмесе де, көңілдерімен сезеді. Сондықтан, бірі болсын жаназа басында төбе көрсетпеді. Ана байғұс өлімшінің күйін кешті. Бала байғұстың енді бігіп келе жатқан жарасына тұз себілді. Қарындасының өлімін жазым көрген Үміт енді тыныш жата алмасын ұқты. Мінез де, ойы да өзгере бастады. Жақсы адамды көздірікпен тінтіп жүріп іздесе де таппасын ұқты. Осы жылы отау құрамыз деген сүйіктісіне де жүрегі жылымайтын секілді. Қатуланып кеткен. Қызымен де айрылысып тынды. Кек алуға бекіген

22 жасар жігіт араққа сылқия тойған, қалтасында пышағы да бар. Әкесін өлтірген қудың үйіне келе жатыр. Көзі қанталап кеткен. Жан пендені жанарына ілмейді, «өлтiрeм» деген сөзден басқа тілге келмейді.

Қараңғы көшені жағалап келе жатқан бір қара көрінеді. Бұл – Үміт. Әлі ойынан қайтпаған. Айрандай ұйыған әулеттің құл-талқаны шыққанға өкінеді. Асқар тауының місі құрығанына жүрегі тілімденеді. Аяулы қарындастан көз жазып қалғанына қаны қараяды. Күндегісін-күнде зар илеген ағасы жұбатуға сөз таппағанына налиды. Сүйіктісінің сөзін көтере алмағанына қаймығады. Бүкіл әлемнің мұны іліккен қоңыр көзде сұс бар.

Ішіп алғанын жазбай-ақ таныған көше балалары Үміттен келіп темекі сұрады. Көңілі темекінің тұқылындай майдаланып келе жатқан Үмітті ашу кернеп, алдында тұрған жігітке жұдырықты жіберіп қалады. Желік таппай тұрған жігіттер жабылды да кетті. Үміттің төрт-бес жұдырыққа ғана әлі келді де, талықсып қалды. Сол мезетте, жігіттердің бірі Үміттің қалтасындағы пышағын алып, жүрек тұсына тығып алды. Содан, бір топ көше қаңғыбастары қаша жөнелді. Жерде жұмырлап жатқан Үміт, аспанға қарады. «Жұлдыздар көп, ә! Мені Алла көріп тұр ма екен? Көрсө айтарым бар. Базына емес, өтінішім. Аллам, анамды сақташы! Әулетімізден бір түйір жан жер басып жүрсінші! Аңғал Саямның тағдыры мұңды болды. Ерте көз жұмды. Ақкөңіл әкем адалдығының кесірінен келмесе кетті. Менің жатысым мынау. Құр ашумен аспанды алмақ болған. Жаратушымы, әкемнің әулетін аяшы! Анамды сақташы, анамды сақташы!» - деді де жанарынан бір тамшы жас сырғып түсіп, көзі ашық күйінде арғы дүниеге атанды.

«Анамды сақта» дейді. Анасы ұлының кек алмаққа кеткенін есіткен сәтте жүрегі ұстап қалып, дүние салғалы қашан. Әулеттің ең соңғы түйірі дүниеден озды қазір. Жамандықтан жұрдай бүгін бір әулет аруаққа айналды. Тірі күндерінде адамдарға жем болған әулет, ендігісі құмырсқаға жем болары анық! Бір кем дүние...

Альфия ОРАЗБЕКҚЫЗЫ,
*ҚазҰУ журналистика факультетінің
1 курс студенті*

**ЮРИДИЧЕСКАЯ
ЗАЩИТА В МЕДИЦИНЕ**

На медицинском факультете Казахского национального университета им. аль-Фараби прошла Летняя школа - цикл повышения квалификации кадров по специальности «Общественное здравоохранение» на тему «Юридическая защита врача и медицинской организации в Республике Казахстан». В ней приняли участие врачи, научные сотрудники, юристы-практики, преподаватели и магистранты НИИ травматологии и ортопедии (г.Астана), Казахского НИИ онкологии и радиологии, Казахского медицинского университета непрерывного образования, медицинского колледжа «Эмили», КазНУ им. аль-Фараби, университета Туран и др.

Сегодня в Казахстане появился термин потребительский экстремизм в медицине. Это использование пациентом своих законных прав для необоснованного получения от клиники денежных средств или каких-либо медицинских услуг на безвозмездной основе. При этом пациенты зачастую злоупотребляют свои правами по возмещению им ущерба от некачественной медицинской помощи. В 2017 году в Казахстане было зарегистрировано порядка 800 тыс. жалоб на качество медицинского обслуживания. Количество жалоб в правоохранительные органы составили за прошлый год – 467. При этом наибольшее количество жалоб - 451 по статье 317 Уголовного кодекса РК «Ненадлежащее выполнение профессиональных обязанностей медицинским или фармацевтическим работником». По всем возбужденным уголовным делам только 10 были переданы в судебные органы в 2017 г. для привлечения медицинских работников к уголовной ответственности.

На Летней школе были рассмотрены следующие проблемные вопросы медицинского права: медицинские споры в Казахстане и основания их возникновения, досудебное урегулирование споров, процессуальные аспекты рассмотрения медицинских споров, врачебные ошибки и их оценка юристами и медицинскими работниками, экспертиза как доказательство в медицинских спорах, юридическая ответственность (уголовная, административная, гражданско-правовая) медицинского работника, регрессные требования к медицинским работникам по проигранным медицинскими организациями спорам с пациентами, юридический анализ казахстанской судебной практики по делам в отношении медицинских работников и медицинских организаций и др.

Координатор Летней школы - Мауленова Бахыт Нусифовна – кандидат юридических наук, доцент кафедры политики и организации здравоохранения КазНУ имени аль-Фараби. С докладами и сообщениями перед слушателями выступили: Мауленов К.С. - доктор юридических наук, профессор Международного университета информационных технологий, Рахимова А.Р. - доктор медицинских наук, профессор Казахского медицинского университета непрерывного образования, Мауленова Б.Н. - кандидат юридических наук, доцент, Махамбетчин М.М. - старший научный сотрудник НИИ травматологии и ортопедии (г.Астана), Жакупов М.Б. - юрист Казахского НИИ онкологии и радиологии.

В рамках культурной программы участники Летней школы посетили оперу Верди «Риголетто» в Казахском государственном театре оперы и балета имени Абая. По мнению всех участников, необходимо чаще проводить подобные тренинги для плодотворного диалога практикующих врачей и юристов по проблемам медицинского права.

Бахыт МАУЛЕНОВА,
кандидат юридических наук, доцент
кафедры политики и организации
здравоохранения КазНУ имени аль-Фараби.

Каждый день мы сталкиваемся с противоречиями и трудностями, кто-то жизнестойкий, а кто-то не может справиться с жизненными трудностями и попадает в группу риска. «Группы риска» – это категория людей, которые в силу своего социального положения и образа жизни не только подвержены опасным отрицательным воздействиям, но и представляют угрозу нормальной жизнедеятельности общества.

В нашей стране одним из приоритетных направлений Государственной программы развития образования на 2011 – 2020 годы является внедрение системы инклюзивного образования. Инклюзивное образование в учебных заведениях сегодня имеет место, но, к сожалению, не носит системного характера и сводится к тому, что неподготовленность и неинформированность тормозят процесс успешной адаптации воспитанников с ограниченными возможностями. Возникает острая потребность в формировании инновационной системы инклюзивной ориентации и самоопределения специалистов в работе с ними.

Молодежным клубом SMART в КазНУ им. аль-Фараби был организован конкурс «Лучшая студенческая группа 2018».

В университете КазНУ имени аль-Фараби за три года не завершили обучение и не адаптировались 15 обучающихся (с 2012 по 2017 гг.). Поэтому данное видение под руководством куратора Зухры Маратовны и студентов 2 курса



по специальности «Социальная педагогика и самопознание» кафедры педагогики и образовательного менеджмента факультета философии и политологии представлен и защищен проект «Технологии успешной адаптации студентов «группы риска»: инклюзивное образование» на конкурсе «Лучший социальный проект» в 5 туре. По итогам конкурса факультет философии и политологии занял достойно II место, как лучший практико-ориентированный социальный проект.

Предложены в комплексе концепция «Инклюзия в образовании», как сопровождать и успешно можно адаптировать студентов, через системный подход и видение в комплексе технологии успешной адаптации «группы

риска»: на примере студенты в инклюзии (кабинет инклюзии, технология «Социальное моделирование», технология «Тьютор», помощник «Тьютора» ассистент-помощник (волонтер) со среды однокурсников, Технология «Дорожная карта» (Форма «Встреча»), Технология «Педагогической поддержки», технология «Прогулки», технология «Командное сотрудничество», технология «Консультация», технология «Мобильная передвижная школа»). Внедренная частично и предложенная концепция была описана в результате опроса инклюзивных организаций образования г. Алматы и положительных результатов на практике факультета философии и политологии КазНУ.

Воспитание – это всегда обращение к мотивационно-ценностной системе личности, оно невозможно без воодушевления, доверия, сотрудничества, наставничества. В каждый конкретный момент воспитания оно приходит во взаимодействии с тем образом мира, который складывается у воспитанника под влиянием социума. Процесс организованной социализации с учетом личностных, индивидуальных особенностей воспитанника способствует разрешению жизненных проблем, осознанному ответственному, нравственному выбору. Технологии, описанные в социальном проекте, могут представлять определенную ценность для людей, использующих комплексный подход в развитии личности в инклюзивном образовании.

З.М. САДВАКАСОВА,
доцент кафедры педагогики и
образовательного менеджмента ФФП
КазНУ им. аль-Фараби



ЖАЗҒЫ ҚАЗҰУ



Суреттерді түсірген: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

**Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: № 777**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.